

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 150ю қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 749-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінің 5-бағанында:

"сандық карта - 1 дана" сөздерден кейін "спектр анализаторлары - 3 дана; шуылы аз күшейткіштер - 2 дана; антенналар жиынтығы - 3 дана; тармақтағыштар жиынтығы - 3 дана." деген сөздермен толықтырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

"1 дана сандық карта" деген сөздерден кейін мынандай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"спектр анализаторлары - дана;
шуылы аз күшейткіштер - 2 дана;
антенналар жиынтығы - 3 дана;
тармақтағыштар жиынтығы 3 дана.";

2) көрсетілген қаулыға 757-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінің 5-бағанында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: техникалық құралдар - 3 жиынтық; базалық бағдармалық қамтамасыз ету - 2 жиынтық";

мынандай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Ведомстволық ақпараттық жүйені жетілдіру";

7 - т а р м а қ т а :

" - 1 жиынтық" деген сөздер "сатып алу: техникалық құралдар - 3 жиынтық; базалық бағдарламалық қамтамасыз ету - 2 жиынтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 760-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5 - б а ғ а н ы н д а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3.4-тармақшамен толықтырылсын:

"3.4. Электрондық мұрағатты ұйымдастыру үшін техникалық құралдар сатып алу - 1 ж и ы н т ы қ " ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Ұлттық рынокта тауарлар мен қызметтер көрсетуді жылжыту үшін ақпараттық-маркетингтік орталықтарды құруға арналған техникалық тапсырманы ә з і р л е у . " ;

7 - т а р м а қ т а :

"Пайдаланушыларды оқыту - 200 адам" деген сөздерден кейін "Электрондық мұрағатты ұйымдастыру үшін техникалық құралдар сатып алу - 1 жиынтық" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Ұлттық рынокта тауарлар мен қызметтер көрсетуді жылжыту үшін ақпараттық-маркетингтік орталықтарды құруға арналған техникалық тапсырманы ә з і р л е у " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі